

**ГҮЛСТАН – 10 ЖЫЛ.
ІЗДЕНІС, ТӘЖІРИБЕ, НӘТИЖЕ**

**атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция материалдары**

**2014-2015 оқу жылы
2015-2016 оқу жылы**

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00
Г 97

Пікір жазғандар:

- Ахметова**
Лайла Сейсембекқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ұлттық университетінің журналистика факультеті, **ЮНЕСКО кафедрасы**. Алматы қаласы. Қазақстан Республикасы.
- Іргебаева**
Назила Мұқатайқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана қаласы. Қазақстан Республикасы.
- Еденбаева**
Зәуре Дөненбекқызы – «Өрлеу» педагог мамандардың біліктілігін арттыру институтының Алматы қаласы бойынша филиалының «Мұғалімнің кәсіби дамуын педагогикалық психологиялық жетекшілік ету» кафедрасының аға оқытушысы. Алматы қаласы. Қазақстан Республикасы.

Рецензенттер:

- Құлжабаева Гөзел –** Қазақ ұлттық аграрлық университетінің Құрметті профессоры. «Гүлстан» республикалық ғылыми-танымдық, көпшілік журналының құрылтайшысы, бас редакторы. Алматы қаласы. **Қазақстан Республикасы**.
- Сулайманова Рахат**
Токтогуловна – педагогика ғылымдарының кандидаты, «МУГАЛИМ» илимий- педагогикалық журнал, башкы редактор. **Қырғыз Республикасы**.
- Шыңғысова**
Назгүл Тұрсынбайқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ұлттық университетінің журналистика факультетінің ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі. Алматы қаласы. **Қазақстан Республикасы**.
- Қабдолданова**
Қаракөз Әскербекқызы – жоғары санаттағы бастауыш сынып мұғалімі, Д.Қонаев атындағы орта мектеп, Кербұлақ ауданы, Алматы облысы. **Қазақстан Республикасы**.

Гүлстан – 10 жыл. ізденіс, тәжірибе, нәтиже: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2014-2015 оқу жылы, 2015-2016 оқу жылы. / құрастырушы Қабдолданова Батима Әскербекқызы – Алматы, 2016. – 224 бет.

ISBN 978-601-276-388-1


Жинаққа «**ГҮЛСТАН -10 ЖЫЛ. ІЗДЕНІС, ТӘЖІРИБЕ, НӘТИЖЕ**» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енді. Ғылыми, тәжірибелік мақалаларда көгалдандыру саласындағы өзекті мәселелері мен насихаттау барасындағы тақырыптар кең көлемде қарастырылады.

Ғылыми жинақта жарық көрген материалдар ғалым-зерттеушілерге, оқытушылар, докторанттар, магистранттар мен студенттерге сондай-ақ көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-276-388-1

© Қабдолданова Б.Ә., 2016
© «Гүлстан» ЖШС, 2016

**ҒАЛЫМДАРДЫҢ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРДІҢ
ЛЕБІЗДЕР.
ӘЛЕУМЕТТІК ӘРШТЕСТІК.
Қазақстан Республикасы**



нәтижесін береді. Аталмыш бастамаға 501 үкіметтік емес ұйымның ақпараттық қолдау ұйымдастыруына басшылық етемін. Батыр аналарға бақ арнау – өте жақсы идея. Біз сіздер атқарып отырған жұмыстардың барлығымын таныспыз. Барлықтарыңызды бақ жасауға шақырамын!», - десе, **Қ.Кәрібаева:** «Біз терең тарихы, мәдениеті бай, озық өнері бар елміз. Табиғатымыз мол байлыққа ие. Жеріміз қызғалдақ және сиверс алмасымен танымал. Сондықтан, қазақ жерін Отаным деп таныған әр азаматтың ел дамуына өз мүмкіндігінше үлес қосуы – міндет. Осы орайда, бүгінгі сіздердің өткізіп отырған баспасөз мәлімдемесі барысындағы жариялаған үндеулеріңіз маңызды деп санаймын», - деді.

Қортындылай келе «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», - демекші, әрбір елді мекенде аналарға арналған бақ жасалып, саябақтар саны көбейсе, онда, туған жеріміз, мемлекетіміз гүлденген үстіне гүлденер еді.

Шыңғысова Назгүл Тұрсынбайқызы
Филология ғылымдарының докторы, профессор
ЮНЕСКО, халықаралық журналистика
және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі

ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ ЕҢ ҚАЖЕТ МАМАНДЫҒЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Орталық Азия жоғары оқу орындары арасында алғаш болып БҰҰ-ның «Академиялық ықпалдастық» жаһандық бағдарламасына қабылданып, бағдарламаның тұрақты даму бойынша жаһандық хабқа жетекшілік жасады. **2013 жылы әлемге танымал 800 жоғарғы оқу орындар ішінде 299 орынды иеленді.** Зерттеу университетінің негізгі міндеттерінің бірі – өз әлеуетін пайдалана отырып, елдің экономикалық, экологиялық, әлеуметтік мәселелерін шешуге қабілеттілік таныту, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістер мен шешімдерді енгізу.

Университет саясатынан бастау алып жатқан серпінді шаралар факультеттерде өз жалғасын табууда. Жаңашыл жобаларды жүзеге асыруға журналистика факультеті ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасы да өз үлесін қосуда. Аталмыш кафедра 2011 жылы БАҚ менеджменті және жарнама, халықаралық журналистика және ЮНЕСКО кафедраларын біріктіру жолымен құрылды. Мұның өзі кафедраның ғылыми әлеуетін нығайтуға және ЖОО-ның ғылыми-зерттеу мәртебесін бекітуге жәрдемдесті. Кафедра «Қоғаммен байланыс» және «Халықаралық журналистика» мамандықтары бойынша мамандар даярлайды. «Халықаралық журналистика» мамандығы бойынша магистратурада оқыту ағылшын тілінде жүргізіледі. Кафедра кәсіби мамандарды – медиа нарығына, мемлекеттік, саяси, әлеуметтік және бизнес құрылымдарға қазіргі заманғы технологияларды меңгеріп, құзіреттер мен тәжірибелік дағдыларды игерген, бүгінгі еңбек нарығында сұранысқа ие халықаралық журналистерді, PR-менеджерлерді, имиджмейкерлерді, продюсерлерді, баспасөз хатшыларын даярлауды қамтамасыз етеді. Кафедраның даму әлеуеті зор. Оқу және әдістемелік материалдар сапалы жасалады. Кафедраның әдістемелік стратегиясы бес негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылуда, олардың ішінде жас оқытушылар мен студенттердің шет елдерде тағылымдамадан өтуі мен білім алуын ұйымдастыру, бірқатар дәріс курстарын шет тілдерінде оқыту т.б. бар. Кафедраның жалпы даму бағыттары: коммерциялық, мемлекеттік және саяси PR, халықаралық журналистика

және сыртқы саяси коммуникация, қазіргі гуманитарлық білім берудегі ЮНЕСКО-ның алдыңғы қатарлы технологиялары.

Кафедраның әлеуеті жоғары, білікті профессорлар, ғылым докторлары, доценттер, ғылым кандидаттары, оқытушылар жұмыс істейді. Атап айтқанда, 7 ғылым докторы, 14 ғылым кандидаты бар. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын соңғы төрт жыл бойы қатарынан біздің кафедраның оқытушылары, атап айтқанда 2010 жылы тарих ғылымдарының докторы, профессор Л.С. Ахметова, 2011 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Н.Т. Шыңғысова, 2012 жылы филология ғылымдарының кандидаты, доцент М.О. Негізбаева, 2013 жылы филология ғылымдарының кандидаты, доцент Қ.Н. Мысаева иемденді.

Кафедра ғалымдары белсенді түрде ғылыми зерттеулер жүргізіп, халықаралық деңгейде инновациялық жобаларды жүзеге асыруда. Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысында мәдениетаралық коммуникация маңызды орын алады: ғылыми конференциялар ұйымдастырылып, өткізіледі, профессор-оқытушылар құрамы түрлі аймақтық, республикалық, халықаралық конференцияларға қатысады. Кафедрада «Қазақстандағы PR мен БАҚ» (редакторы т.ғ.д., профессор Ахметова Л.С.) мерзімді ғылыми еңбектер жинағы шығады. Студенттер мен магистранттар белсенді тартылған іргелі ғылыми жобалар мен «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ медиабейнесі: имидждік саясатты дамыту» атты серпінді жобасын жүзеге асыруда.

Кафедрамыз халықаралық ынтымақтастықты, академиялық ұтқырлықты кеңейту, әлеуметтік әріптестікті дамыту саласында да серпінді дамып отыр. Оклахома университетімен, Вайоминг, Огайо университеттерімен (АҚШ), Рединг университетімен (Ұлыбритания), Стамбул мемлекеттік университетімен (Түркия), Адам Мицкевич және Николай Коперник атындағы университеттермен (Польша Республикасы), Карл Линней атындағы Швеция университетімен (Кальмар қ.), Шыңжаң Халық радиосымен (ҚХР), Пенза университетімен (РФ), теледидар және радио Халықаралық Еуразиялық Академиясымен (РФ), М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетімен (РФ), Санкт-Петербург мемлекеттік университетімен (РФ) т.б. ынтымақтастық байланыстар орнатқан. Студенттер мен магистранттардың академиялық ұтқырлығы, ынтымақтастық туралы келісім-шарттарға қол қойылған. Ж. Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетімен, Ұлықбек атындағы Өзбек мемлекеттік университетімен кафедра іскерлік және шығармашылық байланыста. 2011 жылдан бастап Колумбия Университетімен (Нью-Йорк, АҚШ) MDP/Global Classroom бағдарламасы табысты жүзеге асырылды. Global Classroom жобасы бойынша Integrated Approaches to Sustainable Development Practice бағдарламасын меңгерген ҚазҰУ студенттері Колумбия университетінің сертификатын алды. **Оқу траекториялары бойынша бакалавриат пен магистратурада Еуропа, АҚШ, Азия және Ресейдің жетекші жоғары оқу орындары мен білім беру орталықтарының 30-дан астам профессорлары дәрістер оқыды.**

Сондай-ақ, дәріс оқу үшін Қазақстанның жетекші бұқаралық ақпараттар құралдарының белгілі журналистері мен басшылары және PR мен жарнама кәсіби мамандары – мемлекеттік мекемелердің, PR-бөлімдердің, жарнама агенттіктерінің, жекеменшік компаниялар мен қоғамдық қорлардың баспасөз хатшылары шақырылады. Олар қоғамдық пікірді, саяси имиджді қалыптастыру, сайлау алды науқандарын жүргізу әдістері, PR-құралдарды қолдану, жарнама өнері құпиялары, журналист шеберлігі туралы тәжірибелерін ортаға салып, шеберлік сыныптарын өткізеді. Мысалы, 2014-2015 оқу жылында «Қазақ газеттері» ЖШС-нің бас директоры, с.ғ.к. Ж. Кенжалин дәріс оқуға тартылды. Сондай-ақ, кафедрада Дудинова Е.И., Рожков А.В., Құдабай А.А., Есенбек Ж.Б., Абжанов Қ, Тлепбергенова А.А., Нұржанова Ш.С., Садуақасов

А.А., Шаймаран М, Иманалиев Ж.О., Губашева Д.Т., Мухамедиева Н.Б., Арғынбаева М.Х., Бакенова Р.Ш., Мамырова К.С., Жұмабаева А, Ерғалиева Ж.А., Каймульдина А.Ж. т.б. білікті ұстаздар қызмет етеді.

Кафедра өкілдері Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы, ЕҚЫҰ және ЮНЕСКО өкілдіктерімен, Сорос-Қазақстан Қорымен, Еуразия Қорының Аймақтық өкілдігімен, Айрекс, Фулбрайтпен, журналистика факультеттері оқытушылары америкалық Ассоциациясымен, АҚШ, Түркия, Қытай, Ресей ақпарат агенттіктерімен жұмыс істейді, сондай-ақ Қоғаммен байланыс жөніндегі ұлттық ассоциациясымен (ҚБҰА), PR-шы клубымен, Қазақстан Республикасының жетекші PR және жарнама құрылымдарымен ынтымақтастық орнатқан. **Кафедраның білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру материалдық-техникалық базамен толық жабдықталған**, дәріс оқитын арнайы аудиториялар (мультимедиялық жабдықтар, арнайы тақталар, презентацияға арналған құрал-жабдықтар), мамандандырылған кабинеттер, компьютерлік сыныптар, локальды желіге қосылған, принтер және сканерлермен жабдықталған дербес компьютерлер бар. Кафедрада білім беру барысында студенттердің тұлға ретіндегі шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін ояту, мәселеге жеке көзқарасын қалыптастыру, алған білімін практикада қолдануға машықтандыру мақсат етіледі. **Білім беру бағдарламасының бағытына тән ғылыми-зерттеу және практикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер жиынтығымен қамтылған.** Кафедра профессор-оқытушылар құрамы дәріс және семинар сабақтарында оқытудың дәстүрлі және белсенді әдістерін қолданып, пікірталастар мен диспуттар, конференциялар, SWOT-талдау жүргізу, Power Point форматында дәрістер оқу, электрондық оқулықтарды, компьютерлерді, инновациялық технологияларды, мәселен «ми шабуылы», «дөңгелек стол», «үшсатылы интервью», «іскерлік ойындар» сияқты әдістерді қолданады. «Іскерлік қатынас принциптері», «Қазіргі заманғы коммуникацияның менеджменті және маркетингі», «Ивент PR» сияқты пәндер жүргізілгендіктен, кафедра студенттері белсенді, креативті, көпшіл. Кафедрада «Newsroom», «PR клубы», «Global communication», «Баспасөз хатшылары клубы», «PR мектебі», «Жас көшбасшылар мектебі», «InterPRess», «Конвергенттік журналистика», «Жас кәсіподақ көшбасшылар мектебі» студенттік клубтары мен үйірмелер жұмыс істейді. «Мұшайра» республикалық жас ақындар сайысы, «Үздік PR-проект» креативті идеялар мен жобалардың республикалық студенттік байқауы, республикалық үздік PR-жобалар байқауы мен мектеп оқушыларына арналған үздік шығармалар байқауларын ұйымдастырып келеміз. Биылғы мектеп оқушыларына арналған байқау Жеңістің 70-жылдығына арналды. Барлық шығармалар жинақталып, кітапқа енеді. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен, сертификаттармен марапатталады. **2014 жылдың желтоқсан айында кафедрамыздың жанынан студенттік баспасөз орталығы ашылды.** Аталмыш орталықты студенттердің ақпарат алмасу алаңына айналдыру, өзге жоғарғы оқу орындары, мекемелердің баспасөз қызметтерімен тығыз бірлестікте креативті жобаларды жүзеге асыру – мақсатымыз. Факультеттің әлеуметтік маңызды шараларына ақпараттық қолдау көрсету, модераторлар, спичрайтерлер, фотографтар, редакторлар, PR-кеңесшілер, халықаралық журналистер және басқа мамандар ретінде тартылатын студенттердің шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту мақсатымен лабораториялық және практикалық сабақтар осы баспасөз орталығында өткізілуде. Сонымен қатар кафедрада журналистика және коммуникация жөніндегі ЮНЕСКО ғылыми-зерттеу және тәрбие беру орталығы жұмыс істейді. Орталық бұқаралық коммуникациялар саласындағы ғылыми зерттеулермен, сондай-ақ, жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмысы бойынша ұсыныстар әзірлеумен айналысады, тәрбие қызметіне талдау жасап, мониторинг жүргізеді, конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, тренингтер өткізеді, мемлекеттік, коммерциялық және

халықаралық құрылымдармен ынтымақтастық жасайды. Орталық Ломоносов атындағы ММУ-дың журналистика және коммуникация жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасымен (Ресей), Экология жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасымен (Израиль), Страсбург, Франциядағы ЮНЕСКО кафедраларымен, ЮНЕСКО кафедрасымен (Украина), Мәдениет университетімен (Стамбул, Түркия), Легионово мұражайымен (Варшава, Польша), Қырғыз-Ресей Славян университетінің әлемдік мәдениет пен діндерді зерттеу жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасымен халықаралық байланыстар жасайды. Сондай-ақ ПРООН, БҰҰ ЮНИСЕФ Балалар қоры, БҰҰ Әйелдері, ДООН, ХЕҰ, ИПЕК ХЕҰ, МКП, МКП-ВЕРС, Әйелдер желісі, ЭКПАТ, ҚР АҚШ Елшілігі халықаралық ұйымдармен жұмыс істейді.

Кафедра «Global School Room» инновациялық жобасын ұйымдастырып, республика мектептерімен онлайн іс-шаралар өткізуді дәстүрге айналдырған. Мектеп мұғалімдеріне, өңірлік жоғары оқу орындары оқытушыларына оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері туралы семинар-тренингтер ұйымдастырылады. Студенттік бизнес-инкубаторлар – ұлттық университеттің инновациялық әлеуетін танытатын көрсеткіштер. Кафедрада аға оқытушы Ш.С. Нұржанованың жетекшілігімен «Студенттік спорттық лига» бизнес-инкубаторы құрылып, Назарбаев университетінің студенттерімен жолдастық кездесулер ұйымдастырылды. «Қоғаммен байланыс» мамандығы бойынша білім алатын студенттер мемлекеттік құрылымдардың баспасөз қызметтерінде, коммерциялық мекемелердің PR бөлімдерінде біліктілігін жетілдіреді. Үрімжі қаласындағы Шыңжаң Халық радиосынан бірнеше студент өндірістік тәжірибеден өтті.

«Қоғаммен байланыс» мамандығы бойынша оқыту бағдарламасының мақсаты – жоғары кәсіби білікті, бәсекеге қабілетті қоғаммен байланыс саласындағы мамандар даярлау болса, бұл мақсаттың үдесінен шығып келеміз деуге толық негіз бар.

қаңтар 2015 ж.

Айша Закирьянова,
*журналистика факультеті, 4-курс
студенті Әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық Университеті*

ТАБИҒАТ – ҚОРШАҒАН ОРТА, АЯУЛЫ МЕКЕНІМІЗ

Қорқыт атаның: «Ей, адамзат, киік құрлы жоқпысың! Сен еңбек ет. Құнарлы жер тап! Жер ананың бұлағының көзін аш! Қарның тоқ, көйлегің бүгін болады», - деген сөзін ұмытпаған жөн. Ұлт болып ұйысып, бәсекеге қабілетті елдің қатарында болу біздің қолымызда.

Шексіз сұлулығымен, қайталанбас түрлі-түсті бояулардың үйлесімімен баршамызды тәнті етіп, қайран қалдыратын, күллі адамзаттың айырылмас бір бөлігі болып саналатын табиғаттың орны ерекше екендігі сөзсіз. Ашылмаған сырға толы қоршаған ортаның әсемдігін көре білген адамның жан дүниесі баи түседі. Адамның тұла бойының әрбір жасаушасы бұл ғажайып әлемді сезіп қана қоймай, бағалай білуі тұлғаның ішкі түйсігі мен ақыл-парасаттылығына байланысты.

Табиғат – қоршаған орта, аяулы мекеніміз. Оны әрбір адам санасымен біліп, түйсігімен түсіне білуі тиіс. **Ш. Уалиханов:** «Табағат пен адам! Өзіңіз

МАЗМҰНЫ

Ғалымдардың, қоғам қайраткерлердің лебіздері. Әлеуметтік әріптестік. Қазақстан Республикасы

Сманов Б. Мерейлі белес	4
Ысқақов А. Құттықтау	5
Жайлыбай Ғ. Гүл мен гөзел	6
Мұқаш М. Мерейтойының құтты болсын, «Гүлстан»!	8
Мағлұмов Д. Құрметті «Гүлстан» журналының ұжымы! Қадірлі әріптестер!	9
Тойлыбаев С. Шуағын пашқан «Гүлстан»	10
Игісін Л. Арнайын жырымды мен «Гүлстанға»	11

Ғалымдардың, қоғам қайраткерлердің лебіздері. Әлеуметтік әріптестік. Қырғыз Республикасы

Рысбаев С. Гөзал айымдын «Гүлзар ааламы»	14
Сулайманова Р. Өз жерин Гүлзарға айлантқан баатыр қыз	16
Ибраева Н. “Гүлстан” коомунун 10-жылдық мааракесине арналған С. Нааматов атындағы нарын мамлекеттик университетинин педагогика факультетинин “Табиғый-илимдик билим берүү” кафедрасынын куттуктоосу!	18

Жазушы. Ақын. Сазгер. Табиғат, қоғам.

Жансүгіров І. Жер түгі	22
Әзірбаев К. Шөп аттары	24
Жантөбетов Ж. Қызылқұм көрінісі	26
Мұсабеков С. Шөлдің түгі	27
Жақып Б. Түркиядағы Шыңғыс Айтматов саябағында	28
Жақып Б. Қанатымен су сепкен қарлығаштай... (Гөзел Құлжабаеваға)	29
Тойлыбаев С. Астананың қайыңдары	31
Латиева С. Көк жасыл орман дала	32
Латиева С. Семей орманы	34
Исағұлова А. Туған жер	37
Исағұлова А. Бекет-ата!	38
Исағұлова А. Жетісу мен көкшедей	39
Исағұлова А. Отаным Қазақстан.....	40
Исағұлова А. Қазақ елі	41

Сұхбаттар

Кабдолданова Б. Танғажайып гүлдер әлемі... ..	43
Жеңісұлы Е. Қараағаштың қадірін білмей жүрміз	43
Жеңісұлы Е. Теректің ерек пайдасы	46
Жеңісұлы Е. Ауыл шаруашылығының болашағы – шағын шаруашылықтарда	48
Есали А. «Абай бағы» еліміздегі алғашқы тақырыптық бақ болады	52
Есали А. Көбелегі көп ауыл еліміздегі алғашқы тақырыптық «Абай бағы» ақиқатқатайналып келеді.....	53
Гүлстан – баспасөз айнасы	55
Көбеева А.О. Сүйіне білсең табиғат, сұлулыққа тұнып тұр... ..	56

Жапбасбаева А.М. Қоршаған ортаңа қамқор болғын, жас ұрпақ!	57
Танысбаева А. Болашағымыз келешек ұрпақ	58
Нурманова Т.Т. «Гүл өссе – жердің көркі»	59
Ақбасова Ғ.	
Танабаева Г. Көгалдандыру мәдениетін дамыту	60
Аршимбаева С. Сүйінші үндеуге үн қосылды... ..	62

Мақалалар

Ақпараттық хат	65
Нааматова Э. Өсүмдүк – өмүр тиреги	67
Ибраева Н.И. Дети наше будущее!	69
Алшымбеков С.К. Экскурсия – танымдық ақпарат құралы	71
Алшымбеков С.К.	
Лютерович О.Г. О состоянии экскурсионной деятельности в г. Алматы	76
Жақсыбаева Б. Мектеп өсімдікжайы – әсемдік әлеміне бастар жол	80
Есқали З.А. «Гүлстанмен» серіктестіктің жарқын жетістіктері	81
Қартайғанова З. «Балабақшадағы «өсімдіктер әлемі» оқу-әдістемелік кешенінің қажеттілігі»	84
Мәлімет	86
Рамазанова К.	
Байділдаева Г.Ө. Таңғажайып «Гүлстан» гүл бағына саяхат	87
Нурбатырова А.А. Мектептегі экологиялық тәрбие жұмыстары: ізденіс, тәжірибе, нәтиже	88
Қабдолданова Қ. «Өсімдіктер әлемі» оқу әдістемелік кешені дидактикалық материалдар мен жұмыс	91
Манкусова Ф. Әрі оқу, әрі ойын	93
Бакажанова С. «Санамақ еліне» саяхат. 7 санының құрамы	95
Нусупова Қ. Білгің келе ме?	98
Тойлыбаев С. Жер – Ана! Су. Құстар. Күн. Ағаш. Гүл.	100-101
Смайлқызы Г.	
Жақпарова Р. Мектепке дейінгі тәрбие жұмысында боямақтың балаға тигізер әсері	101
Жақпарова Р. «Табиғатты аялайық» (топ-серуен сабақ)	103
Бердыханова Ф.М.	
Умбеталиева Қ.Е. Балаларды табиғатпен таныстыру технологиясы	109
Бекбусинова А.	
Игибаева Р. «Өсімдіктер әлемі» оқу-әдістемелік кешені арқылы балалардың еңбек дағдыларын қалыптастыру	112
Қисықова Н.Ж. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында экологиялық тәрбие беруде «өсімдіктер әлемі» оқу әдістемелік кешенінің тиімділігі	113
«Өсімдіктер әлемі» – оқу-әдістемелік кешені тәжірибелер, нәтижелер, жоспарлар» тренингтің бағдарламасы	115
Заурбекова С. Жас ерекшеліктегі топтарға арналған бағдарламалық гүлдер	116
«Өсімдіктер әлемі» оқу-әдістемелік кешені тәжірибелер, нәтижелер, жоспарлар» тәжірибелік семинар бағдарламасы	117
Абдыкалыкови Г. Балабақша ауласындағы «өсімдіктер әлемі бағының қажеттілігі»	118
Иманбекова Р. Өсімдіктер әлемінде	120
Салмақова С. Жолдауға көңілді нәтижелі жұмыстар	123
Искакова Р. Экология. Окружающий мир	125

Нуршаева Э. Балабақша ауласын көгалдандыру қажеттілігі	127
Бурханова Н. Туған табиғатты аялайық!	129
Қабдолданова Б. Экологическое образование в Казахстане	131
Еламанова Б. Жалғасын тапқан игі – шара	134
Машербаева Г. Гүлдей жайна, балабақша	135
Еденбаева З.	
Нысанбаева Б. Озық педагогикалық технологиялардың сабақ үрдісіндегі тиімділігі	137
Пазилова Ш. Экология. Қоғам. Отбасы.	139
3 курс студенттері. Зымырап өткен 100 минут	141
Бурханова Н. Гүлстандағы пленэр... ..	142
Жуманова З. Выступление министра Б.Т. Жумагулова на I съезде учителей химии и биологии г. Усть-каменогорск, 28 июня 2012 года	143
Елін гүлзар бақ еткісі келетін Гөзел	147
Ахатаева Г. Ата-аналар қауымдастығы: көрмелер, шығармашылық	149
Еденбаева З.Д.	
Басшыбекова Ғ. Ұстаз кәсібилігін дамыту-өзекті мәселе	154
Жомартова М. Құндылықтың бастауы-кітап	159
Жалбырова Л. Мәңгілік ел-жасыл аймақтар	162
Жиенқұлова А. Қыз бен гүлдің жаны егіз	164
Ақмоллаева М. Табиғаты керемет Жетісу өңірінің жастарының жетістіктері	165
«Гүлдастан» мүшәйрасын өткізу туралы. Ереже	166
Бөлтірікова А. «Қызғалдықтың отаны – Қазақстан» республикалық фестивалі	173
Мухамединова Н.А. Республикалық ғылыми – танымдық, көпшілік «Гүлстан» журналы туралы пікір	175
Нурпейсова К. Қоғам. Ұстаз. Нәтиже	175
Оспанова Б. Елжандылық тәрбиесінің қазіргі қоғам жағдайындағы бағыттары	178
Болдурукова А. Раушан гүлі	179
Құлжабаева Ғ.Ә. «Қаланы көгалдандырудың өзекті мәселелері туралы»	180
Бахтиева А. Послание Президента РК: настоящее, будущее	182
Қабдолданова Б.	
Бурханова Н. Көгалдандыру. Әлеумет. Нәтиже.	185
Шыңғысова Н.Т. Қазіргі заманның ең қажет мамандығы	187
Закирьянова А. Табиғат – қоршаған орта, аяулы мекеніміз	190
Қанатбай Г. Ата-аналар қауымдастығының белсенділігі	192
Қасымова А.С. «Тамшыбұлақ» демалыс лагері-тамаша демалыс мекені	193
Еспенова А. Гүлсіз болса жер мұнды	196
Тойлыбаев С. Қазақтың ағайшасы!	197
Шаймухамбетова М. Балабақша ауласын көгалдандыру шарттары	198
Абаева Қ. Білім мен ғылым ошағы	201
Мажитова Р. Туған жерді көгалдандыруға жастарды баулу	203
Әліпбай А. Көгалдандыру мәдениетін дамыту... ..	205
Атаева Г. Балабақшадағы шаралардың қажеттілігі	206
Аршимбаева С. Экологиялық ұғымдардың тәрбиелік мәні	212
Ерлік Кебекбай. Сүйене білсен табиғат, сұлулыққа тұнып тұр!	215
Талшын Жакыпбек. Өсімдіктер әлемі	218

Ғылыми басылым

ГҮЛСТАН – 10 ЖЫЛ. ІЗДЕНІС, ТӘЖІРИБЕ, НӘТИЖЕ
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция материалдары

2014-2015 оқу жылы
2015-2016 оқу жылы